

Осы жұмыста алқабилер сотының құқық әділдігі мен ашықтығын қамтамасыз етудегі маңызы қарастырылды. Негізгі тезистер мыналарды қамтиды:

1. Алқабилер соты – әділдіктің кепілі: Азаматтардың сот процестеріне қатысуы сот шешімдерінің қателіктері мен заң бұзушылықтарды төмендетіп, құқықосудың сенімділігін арттырады.

2. Сот жүйесіне деген сенімділік: Алқабилер соты азаматтардың құқықтық жүйеге деген сенімін арттырады, өйткені алқабилердің қатысуы процестерді қоғам үшін ашық және түсінікті етеді.

3. Адам құқықтарын қорғау: Алқабилер соты айыпталушылардың құқықтарын қорғау үшін маңызды механизм болып табылады, оларға әділ сот процесіне қатысу құқығын қамтамасыз етеді.

4. Функционирлеудің практикалық аспектілері: Әр түрлі елдердегі сот жүйелерінің салыстырмалы талдауы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды анықтайды, бұл процедураларды унификациялау мен стандарттаудың қажеттілігін көрсетеді.

Қазақстандағы алқабилер сотының тиімділігін арттыру үшін келесі шараларды ұсынуға болады:

- Алқабилерді оқыту мен дайындауды күшейту: Бұл сот шешімдерінің сапасын арттырып, алдын ала ойлану мен алдын ала таңдау ықтималдылығын азайтады.

- Сот процедураларын стандарттау: Алқабилер сотының жұмысын қамтамасыз ету үшін бірдей стандарттарды енгізу сот тәжірибесінде ашықтық пен бірізділікті қамтамасыз етеді.

- Ақпараттық бағдарламаларды дамыту: Азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған білім беру бастамалары қоғамның сот процестеріне қатысуын жақсарта алады.

Қазақстандағы алқабилер сотының болашағы осы институттың сот жүйесіне интеграциялануын одан әрі жалғастыруды қарастырады. Дүниежүзілік тәжірибені ескере отырып, алқабилер сотының әлеуеті тек құқықосудың механизмі ғана емес, сонымен қатар құқықтық мәдениетті және азаматтық жауапкершілікті арттыру құралы ретінде де көрінеді.

Әдебиеттер тізімі:

Республикалық адвокаттар алқасының Қазақстан Республикасындағы алқабилер сотының дамуы туралы ҰСТАНЫМЫ // <https://advokatura.kz/pozicii/pozicia-respublikanskoj-kollegii-advokatov-po-razvitiu-suda-prisaznyh-v-respublike-kazahstan>

«Алқабилер туралы» 2006 жылғы 16 қаңтардағы № 121-III Қазақстан Республикасының Заңы (2023.01.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z060000121_/z060121_.htm

Сыздықов Ә. Алқабилердің қатысуымен қаралатын істердің ерекшеліктері // <https://www.gov.kz/memleket/entities/prokuratura-pavlodar/press/news/details/669410>

Сансызбайқызы С. Ұлыбритания сот жүйесінің ерекшеліктері // Қазақстан Республикасы Заңнама институтының жаршысы. – 2014. – № 4 (36). Б.68-73.

Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 жылы 30 тамыз. (соңғы өзгерістер мен толықтырулар 19.09.2022) // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_

Алиев М.М. Қазақстан Республикасының сот және құқық қорғау органдары: Оқу құралы. – Астана, 2006. – 137 б.

Алимбекқызы М.

*ҚарУ мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының магистранты,
Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы
(Ғылыми жетекші - Бирманова А.И., Phd докторы, қауымдастырылған профессор
ҚарУ, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы)*

АҚПАРАТТЫҚ САЛАДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МҮДДЕЛЕРІ: ЗАҢНАМАНЫ РЕФОРМАЛАУ

Қоғам дамуының қазіргі кезеңі ақпараттық технологияларды тұрақты жетілдірумен және қоғам мүшелерінің тіршілігіне елеулі әсер ететін жаңа ақпараттық кеңістік қалыптастырумен сипатталады. Мұндай әсерге балалар ең көп ұшырайды. Ақпараттық қоғам бірқатар оң қасиеттерге ие, бірақ сонымен бірге бұрын отандық криминологтарға да, әлемдік заң практикасына да белгісіз, мұқият әзірленген, келісілген, ойластырылған, қазіргі заманғы заңнаманың болмауынан тиімді қарсы тұру мүмкін емес құқыққа қарсы әрекеттердің жаңа түрлері пайда болуда.

2016-2017 жылдары Қазақстан мемлекеті мен қоғамы интернет желісі арқылы да, түрлі мессенджерлердің (WhatsApp, Viber, Telegram және т.б.) көмегімен SMS-хабарламалар жіберу арқылы да өзіне-өзі қол жұмсау әрекеттерін насихаттауға және өзіне-өзі қол жұмсауға шақыруға тап болды.

Телекоммуникация желілері бойынша ақпарат тарату арқылы баланың санасына және оның мінез-құлқын уәждеуге әсер етуден тұратын құқыққа қарсы әрекеттердің жаңа нысандары шындыққа айналды. Аталған құбылыс криминологтар тарапынан уақтылы бағаланбады және құқықтық бағалаудан тыс кең ауқымға ие болды.

Қазіргі уақытта интернет күшті орта факторына айналды, оның әсерінен ХХІ ғасырдағы баланың жеке басының қалыптасуы орын алады. Жылдан жылға балалар кішкентай кезінен бастап интернетте онлайн режимінде көбірек уақыт өткізеді. Коронавирустық пандемия ақпараттық технологиялардың даму процесін жеделдетті. Қазірдің өзінде интернет балаларға білім берудің негізгі арнасы болып табылады: шығармашылық (әр түрлі электронды курстар, тіпті балалар онлайн-лагерлері), балалардың білімі және өзін-өзі көрсету (әлеуметтік желілер). Дегенмен, оң аспектілерден басқа, интернет кеңістігі ересектерге қарағанда кәмелетке толмаған пайдаланушыларға көбірек әсер ететін бірқатар тәуекелдерді де қамтиды. Интернеттегі балалардың тәуекелдерін болжау және жою Қазақстан саясатының басым бағыттарының біріне айналды [1;248].

Адам құқықтары нақты және виртуалды әлемде бірдей мәнге ие - барлық адамдардың, әсіресе балалардың құқықтарын қорғауды және оларға құрметпен қарауды қамтамасыз ету қажет. Тәуекелдер сөзсіз, сондықтан ықтимал зиянның алдын алу үшін шаралар қабылдау маңызды.

Қазақстан Республикасының заңнамасында кәмелетке толмағандар үшін зиянды ақпараттың таралуын реттейтін нормативтік актілерге келесілер жатады: «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы», «Баланың құқықтары туралы», «Балалардың денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы», сонымен қатар «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы.

Осы Ережеге сәйкес білім беру ұйымдары балаларға қатыгездіктің алдын алу бойынша жоспарлар әзірлеуі, оқушылармен, педагогтармен және ата-аналармен тоқсанына бір рет ақпараттық жұмыс жүргізуі, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруы, қатыгездік белгілерін қадағалап, жедел шаралар қабылдауы тиіс. Сонымен қатар, түрлі ведомстволар арасындағы ынтымақтастықты нығайту үшін Балалардың құқықтарын қорғау, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес және жасөспірімдер суицид мәселесі бойынша «2020-2023 жылдарға арналған Жол картасы» іске асырылды.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің ресми сайтында "qogam.gov.kz" интернет пайдаланушыларына заңсыз мазмұн таратылатын әлеуметтік желілердегі немесе интернет-ресурстардағы топтар туралы хабарлауға мүмкіндік беретін арнайы «шағым айту» қызметі құрылды [2].

Мемлекет басшысы 2022 жылы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне: бала құқықтарын қорғау, білім беру, ақпарат және ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңына қол қойды. Бұл заң

жобасы қоғамда кең резонанс тудырды, өйткені онда уәкілетті органға өз қалауы бойынша интернет-ресурстарға, әлеуметтік желілерге және мессенджерлерге қол жеткізуді шектеуге немесе олардың жұмысын тоқтатуға мүмкіндік беретін нормалар болды. Жобаны Сенат бірінші реттен емес, тек түзетулер енгізілгеннен кейін қабылдады. Сенат депутаттары бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті органға балаға қатысты кибербуллинг фактілері бойынша сараптама жүргізу тәртібін айқындау бойынша құзырет беруді, сондай-ақ интернет-ресурстарға қолжетімділікті тоқтата тұру үшін негіз ретінде кибербуллинг фактілерін заңнамалық тұрғыдан айқындауды ұсынды. Бұл ретте тыйым салынған ақпаратқа қол жеткізуді шектеу тәртібін айқындау жөніндегі уәкілетті органның құзыреті алынып тасталды.

Сенат екі норманы нақтылады: біріншісі - кибербуллингті анықтау үшін сараптамалық комиссия құру; екіншісі - балаларды қорлайтын материалдарды ғана алып тастау. Сараптамалық топ ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің жанынан құрылады. Сараптама тобының құрамы Ақпарат және қоғамдық даму, Білім және ғылым министрліктерінің, өзге де мүдделі мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың қызметкерлері қатарынан қалыптастырылады.

Сарапшылар тобының негізгі міндеттерінің қатарында:

- балаға қатысты кибербуллинг туралы өтініштерді қарау және өтініштерде көрсетілген кибербуллинг фактілеріне құқықтық бағалауды жүзеге асыру;
- кибербуллинг фактілерінің орын алуы немесе алмауы туралы шешім шығару [3].

Мәселен, балаға қатысты кибербуллинг фактілері анықталған кезде азамат не баланың заңды өкілі жазбаша нысанда немесе ЭЦҚ арқылы куәландырылған электрондық құжат нысанында балаға қатысты кибербуллинг фактілері бар интернет - ресурстың атауын көрсете отырып, уәкілетті органға өтінішпен жүгінеді.

Балаға қатысты кибербуллинг фактілері бойынша өтінішті қарау қорытындылары бойынша уәкілетті орган өтініш берушіге ол келіп түскен күннен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірмей жауап береді [3].

Егер ақпарат бірнеше иеленушілердің құзыретіне кіретін болса және өтінішке жауап беру кезінде қосымша ақпарат алу талап етілсе, онда өтінішті қарау мерзімі күнтізбелік 15 күннен аспайтын мерзімге ұзартылады, ал өтініш берушіге бұл туралы қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде хабарланады.

Егер өтініштің мазмұнында балаға қатысты кибербуллинг фактілері жасалатын интернет-ресурс көрсетілмесе, өтінішті қараудан бас тартылады. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау, білім беру, ақпарат және ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң көмелетке толмағандарды қорқытудан (буллингтан), оның ішінде интернеттегі заңсыз мазмұнға қарсы іс-қимыл бойынша қорғау бойынша заңнамалық шараларды енгізуді көздейді.

Сенаторлар заң жобасын талқылау барысында уәкілетті органға өз қалауы бойынша интернет-ресурстарға, әлеуметтік желілер мен мессенджерлерге қолжетімділікті шектеуге не олардың жұмысын тоқтатуға мүмкіндік беретін кең өкілеттіктерді алып тастады. Онлайн-платформалардың өкілдерімен өзара әрекеттесу кезінде кибербуллингтің сараптамалық тобы тек балаға қатысты таныған ақпаратты жоюға баса назар аударылды. Сенаторлардың ұсынысы бойынша ақпарат және қоғамдық даму министрлігі интернет-ресурстардың, әлеуметтік желілердің және мессенджерлердің жұмысын өз қалауы бойынша шектей немесе тоқтата алмайды, тек балаға қатысты кибербуллинг деп танылған ақпаратты ғана жоюға болады.

Балаларға қатысты кибербуллинг болып не табылады және не табылмайды, сенаторлар мемлекеттік органның өзіне емес, арнайы құрылған сараптамалық топқа шешім қабылдауды ұсынды. Заңнамаға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алуға, әртүрлі салалардағы көмелетке толмағандардың мүдделерін қорғауға қатысты. Заң нормалары ерекше қажеттіліктері бар балалардың медициналық

оңалту қызметтерін алуға қолжетімділігін кеңейтуге, сондай-ақ жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тұрғын үй алу үшін есепке қою мерзімін қысқартуға бағытталған.

Түзетулер сондай-ақ буллингтің немесе кибербуллингтің алдын алуды, оның ішінде «қорқыту (буллинг)», «онлайн-платформа», «жедел хабар алмасу сервисі» ұғымдарын және білім беру және ақпараттық салаларда профилактикалық іс-шараларды іске асыру тетіктерін заңнамалық бекіту жолымен көздейді. Бұрын құжатта шетелдік әлеуметтік желілер мен мессенджерлердің меншік иелерін заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуден өтуге немесе филиалдар ашуға міндеттейтін норма болған. Кейін ол алынып тасталды. Енді шетелдік әлеуметтік желілерге БАҚ саласындағы уәкілетті органмен өзара іс-қимыл бойынша өзінің заңды өкілін тағайындау ұсынылады. Бұл міндеттеме бір ай ішінде Қазақстан аумағында орналасқан жүз мыңнан астам пайдаланушыны құрайтын шетелдік әлеуметтік желілер мен мессенджерлерге қатысты болады.

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің дерегіне, 2020 жылы 70 мыңға жуық кибербуллинг фактісі анықталса, 2021 жылғы көрсеткішке сәйкес 9 айда екі есеге артып, кибербуллингке қатысты 140 мың бұзушылық фактісі тіркелген. Ақпараттық алаңға жүргізілген мониторинг талдауы кибербуллинг жағдайларының көбеюін көрсетіп отыр. Министрлікке де өтініштер саны көптеп түскен. Дәлірек айтсақ, 2020 жылы мониторинг барысында 70 мыңға жуық кибербуллинг фактісі анықталды, кейін әлеуметтік желілердің әкімшілігіне 1800-ге жуық сұраныс жіберілген. Ал 2021 жылы 140 000-ға жуық бұзушылық фактісін анықталып, сәйкесінше, әлеуметтік желілер мен мессенджерлер әкімшілігіне 1700-ге жуық хабар жіберілгендігі көрсетілген.

Баспасөзде кең резонанс және соңғы жылдары қабылданған заңнамалық шаралар қоғамның телекоммуникация желілерін пайдалана отырып, баланың психикасына әсер ету қаупін түсінуіне әкеп соқты. Жүргізілген сауалнама нәтижелері: респонденттердің 75% -ы ақпарат алмасудың қазіргі заманғы құралдары баланың психикасына нақты қауіп төндіреді деп санайды, 6,6% -ы мұндай ықпал ету мүмкіндігін жоққа шығарады және 18,4% -ы ықпал ету шамалы деп санайды.

"Kazakhstan Kids Online" зерттеуіне сәйкес, қазақстандық балалардың көпшілігі интернетті бес жасынан бастап қолдана бастайды, бұл оларды Интернеттегі түрлі қауіптерге ұшыратады. Интернетті қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етудегі ата-аналардың рөлі балаларды онлайн ортада қорғауда шешуші рөл атқарады. Мамандар ата-аналарға балалардың интернетте болуы мүмкін қауіптері туралы ескертеді және желідегі балалардың қауіпсіздігін жақсарту әдістерімен бөліседі. Олар сондай-ақ балалардың психикалық денсаулығы, ата-аналар мен балалар арасындағы сенім және онлайн ортадағы балалардың қауіпсіздігін арттыру жолдарын талқылайды [4]. Біздің ойымызша, авторлар мұндай қорытындыға кәмілетке толмаған адамның жеке басының ақпараттық қауіпсіздігін құқықтық қамтамасыз ету проблемаларынан белгілі бір алшақта зерттеу жүргізе отырып келді, өйткені интернет желісінде осындай ресурстардың болуы заңға қайшы болып табылады.

Цифрлық технологиялар балалардың өмірін өзгертті, бұл олардың әл-ауқаты мен құқықтары үшін жаңа мүмкіндіктер мен тәуекелдерге әкелді. Осы уақытқа дейін сандық контексте барлық құқықтарға бірдей көңіл бөлінбеді. Құқықтық және саяси пікірталастар негізінен балалар мен цифрлық медиа саласындағы құқықтарды "қорғауға" бағытталған, "қорғау" және "қатысу" құқықтары арасындағы қайшылықтар туралы хабардарлықтың артуына қарамастан. Білім берудің маңызды саласын қоспағанда, "қамтамасыз ету" құқықтарына көп көңіл бөлінбейді. Дегенмен, балалардың барлық құқықтары онлайн және офлайн режимінде өзара іс-қимыл салаларында сақталуы, бағалануы және дамуы керек. Үкіметтер, ата-аналар, тәрбиешілер, өнеркәсіп, азаматтық қоғам және Бала құқықтары жөніндегі уәкілдер немесе омбудсмендер - олардың барлығы осы саладағы заңдарды, саясатты, бағдарламаларды және басқа да шараларды әзірлеу кезінде балалардың пікірлерін

белсенді тыңдап, ескере отырып, цифрлық технологияларға байланысты балалардың құқықтарын нығайту үшін жауапкершілікті өз мойнына алуы тиіс.

Сонымен қатар, интернет желісінде өзіне-өзі қол жұмсау бағытындағы топтардың болу фактісі, олардың қауіп күмән тудырғанымен, зерттеу барысында расталды. Біз заңнамалық бастамалар интернет желісіне қарсы емес, желіні балаларға теріс әсер ету үшін пайдаланатын девиантты топтарға қарсы бағытталуы тиіс деген авторлардың қорытындысымен толық келісеміз. Қандай да бір мақсатпен балаларды манипуляциялауға әрекет жасайтын кез келген субъект қауіпті. Әрине, ата-аналар өз балаларын мұндай манипуляциялардан қорғап, егер ол виртуалды ортадан белгісіз адамның тапсырмаларын орындай бастаса, онда оның қауіпсіздігіне қауіп төнетінін түсінулері керек.

Кәмелетке толмағандарға психикалық әсерге телекоммуникациялық құралдармен қарсы тұруға тек заң ғылымының өкілдері ғана тырысып отырған жоқ, бұл белгіленген проблема психологтарды, педагогтарды, антропологтарды және өзге де салалардың ғалымдарының зерделеу пәніне айналуға. Сонымен бірге, кәмелетке толмағандардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қабылданатын құқықтық шаралардың тиімділігіне теріс әсер ететін жағдаяттар арасындағы байланыстар анық көрсетілмеген [4].

Телекоммуникация желілерінде деструктивті психологиялық әсер етуді және жеке адамның санасын манипуляциялауды, сондай-ақ өзін-өзі танытатын топтың мүдделерін қанағаттандыру мақсатында өз жақтастарының ойлары, сезімдері мен мінез-құлқына толық бақылауды жүзеге асыратын жалған діни ұйымдардың өкілдері жүзеге асырады. Бұл әрекеттер әсіресе балалар үшін қауіпті, сондықтан осындай ақпаратты таратуға заңнамалық кедергі жасау қажет деп есептейміз.

Қазақстанда Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институтын құру жөніндегі жұмысты Компьютерлік аддикцияны дамытудың негізгі себебі - баланы қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдалану кезінде ересектер (ата-аналар, тәрбиешілер, мұғалімдер және т.б.) тарапынан бақылаудың болмауы.

Жасы бойынша кәмелетке толмаған адам алынған ақпаратты өз бетінше сыни бағалау мүмкіндігінен айырылады және ол үшін қауіпсіз ортада болу қаупінен айырылады, сондықтан баланы ойын сервистеріне тартатын, жарнамада да, әлеуметтік желілерде де гаджеттерді үздіксіз (тәулік бойы) пайдалануды насихаттайтын ақпаратқа тосқауыл қою талап етіледі (мысалы, «лайк қою» өтініші).

Қорыта айтқанда, заң нормаларындағы терминологиялық қайшылықтарды жою ақпараттық саладағы балалардың құқықтары мен мүдделеріне қауіпті қол сұғушылықтарға қарсы іс-қимылдың тиімділігін бұзатын заңнамалық оқшылықтарды жоюға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1 Сустина, Т. И. Информационная безопасность детей: особенности правового регулирования // Молодой ученый. – 2022 – № 4 (399). – С. 248-251.

2 Доклад о положении детей в Республике Казахстан в 2017 году [Электронный ресурс] – Режим доступа: https://bala.stat.gov.kz/files/Doklad_o_polozhenii_detej_v_Respublike_Kazahstan_2017.pdf

3 Сараптама тобын құру, сондай-ақ балаға қатысты кибербуллинг фактілері бойынша өтінішті қарау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2022 жылғы 6 қыркүйектегі № 365 бұйрығы - [Электрондық ресурс] - Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029469>

4 Кибер Тұмар: Создание безопасного цифрового пространства для каждого // UNICEF-2024.[Электрондық ресурс]Қолжетімділік тәртібі: <https://www.unicef.org/kazakhstan>

Әшімхан Қ.

*Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
заң факультетінің Ю-24-1 тобының студенті*